

"Т. Рысқұлов ауданы бойынша әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы" Т. Рысқұлов аудандық мәслихатының 10 қазан 2013 жылғы № 18-7 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Жамбыл облысы Тұрар Рысқұлов аудандық мәслихатының 2015 жылғы 6 сәуірдегі № 31-10 шешімі. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 23 сәуірде № 2616 болып тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы Т. Рысқұлов аудандық 2017 жылғы 12 сәуірдегі № 14-5 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы Т. Рысқұлов аудандық мәслихатының 12.04.2017 № 14-5 шешімімен (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына , "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 қаулысына сәйкес, Т. Рысқұлов аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Т. Рысқұлов аудандық мәслихатының 10 қазан 2013 жылғы № 18-7 " Т.Рысқұлов ауданы бойынша әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы" шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 2035 болып тіркелген, 2013 жылдың 19 қарашасындағы № 97 (6927) "Құлан таңы. Огни Кулана" газетінде жарияланған") келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген, шешіммен бекітілген Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидасының:

8 тармақ алынып тасталсын.

7 және 9 тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Атаулы және мереке күндеріне бір рет әлеуметтік көмек:

9 мамырға:

- Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне 150000 (бір жүз елу мың) теңге мөлшерінде;

- қоршаудағы кезеңінде Ленинград қаласының кәсіпорындарында, мекемелері мен ұйымдарында жұмыс істеген және "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен әрі "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған азаматтарға 30000 (отыз мың) теңге мөлшерінде;

- екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистер мен олардың одақтастары құрған концлагерлердің, геттолардың және басқа да еріксіз ұстау орындарының жасы кәмелетке толмаған бұрынғы тұтқындарына 30000 (отыз мың) теңге мөлшерінде;

- қайтыс болған соғыс мүгедектерінің және соларға теңестірілген мүгедектердің әйелдеріне (күйеулеріне), сондай-ақ қайтыс болған соғысқа қатысушылардың, партизандардың, астыртын күрес жүргізген адамдардың, " Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен және "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны " белгісімен наградталған, жалпы ауруға шалдығудың, еңбек ету кезінде зақым алуының нәтижесінде және басқа себептерге (құқыққа қайшы келетіндерінен басқаларына) байланысты мүгедек деп танылған азаматтардың екінші рет некеге тұрмаған әйелдеріне (күйеулеріне) 15000 (он бес мың) теңге мөлшерінде;

- Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдерімен наградталған адамдарға және 6 айдан астам тылда еңбек еткендерге 15000 (он бес мың) теңге мөлшерінде көрсетіледі.

15 ақпанға:

- Ауғанстанда әскери міндетін өтеген әскери қызметшілерге және Ауғанстанда әскери міндетін өтеу кезінде жаралануы, контузия алуы, зақымдануы салдарынан мүгедек болған әскери қызметшілерге және қатысушыларға 30000 (отыз мың) теңге мөлшерінде;

- Ауғанстандағы ұрыс қимылдары кезеңінде жараланудың, контузия алудың, зақымданудың немесе ауруға шалдығудың салдарынан қаза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен) немесе қайтыс болған әскери қызметшілердің отбасыларына 15000 (он бес мың) теңге мөлшерінде;

-1979 жылдың 1 желтоқсаны мен 1989 жылдың желтоқсаны аралығында Ауғанстанға жұмысқа жіберілген жұмысшылар мен қызметшілерге 15000 (он бес мың) теңге мөлшерінде көрсетіледі.

26 сәуірде:

-1986-1987 жылдары Чернобыль атом электростанциясындағы апаттың зардаптарын жоюға қатысқан және Чернобыль атом электростанциясындағы

апаттың салдарынан мүгедек болған адамдарға және қатысушыларға 30000 (отыз мың) теңге мөлшерінде;

-1988-1989 жылдардағы Чернобыль атом электростанциясындағы апаттың зардаптарын жоюға қатысқан адамдарға 15000 (он бес мың) теңге мөлшерінде көрсетіледі.

29 тамызға:

- Азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың зардаптарын жоюға қатысқан, сондай-ақ ядролық сынақтар мен жаттығуларға тікелей қатысқан адамдарға 30000 (отыз мың) теңге мөлшерінде көрсетіледі.";

"9. Өтініші бойынша бір рет әлеуметтік көмек:

- туберкулезбен ауыратын азаматтарға тамақтануына, аймақтық туберкулезге қарсы мекемеге емдеу курсына бару үшін жолақысына 6 айға әр науқасқа айына 5000 (бес мың) теңге мөлшерінде көрсетіледі.

- жан басына шаққандағы орташа табысы ең төмен күнкөріс деңгейінен аспайтын санаттағы азаматтар (отбасылар) үшін әрбір жекелеген жағдайда көрсетілетін әлеуметтік көмек мөлшерін арнайы комиссия айқындайды, әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туындаған жағдайда 30000 (отыз мың) теңгеден 100000 (бір жүз мың) теңгеге дейінгі мөлшерінде көрсетіледі;

- табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан азаматқа (отбасына) не оның мүлкіне зиян келтірілгенде арнайы комиссия белгілеген 100 айлық есептік көрсеткіш шегінде көрсетіледі.

Табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан азаматқа (отбасына) не оның мүлкіне зиян келтірілгенде мұқтаж азаматтар бір ай ішінде уәкілетті органға өтініш береді."

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың экономика қаржы, бюджет және өзін-өзі басқаруды дамыту жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат
сессиясының төрағасы
К. Арыстанбеков*

*Аудандық мәслихат
хатшысы
Б. Шамаев*